

Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы қосымша баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 400 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы қосылған Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның 19-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы қосымша баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Біріккен Ұлттар Ұйымының Азаптауларға қарсы комитетіне Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы қосымша баяндаманы жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Біріккен Ұлттар Ұйымы

Азаптауға Қарсы Комитет Қосымша баяндама

азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы

Қазақстан

Мазмұны

II. 1 Бөлім:

Жалпы мәліметтер

Өткен бесжылдық ішінде Қазақстан азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы күрес мәселелері жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіру саласында бірқатар маңызды реформалар жүргізді, бұл арқылы демократия қағидаттарын сақтауға және республикада адам құқықтарын қамтамасыз етуге, жалпы адамдық қағидаттарға адалдықты танытты.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт ратификацияланды, қылмыстық-атқару жүйесі полицейлік ведомствоның қарауынан азаматтық Әділет министрлігінің қарауына берілді, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін жетілдіру мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы құрылды, қылмыстық жазаны ізгілендіру, пенитенциарлық жүйенің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын нығайту бағытқа алынды.

Конвенция ережелерінің орындалуын қамтамасыз етудің аса маңызды мемлекеттік-құқықтық тетіктерінің бірі ретінде, ең алдымен тергеуді және анықтауды жүзеге асыратын полиция органдарынан тергеу изоляторларын азаматтық Әділет министрлігіне беруді қарастыруға болады, бұл ретте қылмыстық қудалау процесінде заңдылықты сақтау кепілі едәуір күшейтілді және адам құқықтарының сақталуы мен қылмысты тергеу мүдделері арасында оңтайлы теңгерімге қол жеткізілді.

Азаптау мен тергеу жүргізудің рұқсат етілмеген тәсілдерін қолдану мәселелері қазіргі кезде мемлекеттің, атап айтқанда, құқық қорғау органдары басшыларының тарапынан қатаң бақылаудың нысаны болып табылады.

Құқық қорғау органдарында ішкі қауіпсіздік мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер құрылды.

Қазақстан өз иелігіндегі барлық ресурстар мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, адам құқықтарының кез келген бұзушылықтарына және адамдарды қинауға қарсы шешуші ымырасыз күрес жүргізуде.

Бүгінгі күні түзеу мекемелерінде жалпы білім беретін және кәсіби мектептер жұмыс істейді. Сотталғандардың ар-ождан және діни наным-сенім бостандығына өзінің конституциялық құқығын іске асыруға мүмкіндігі бар. Мекемелер аумағында мешіттер, шіркеулер мен сыйыну бөлмелері жұмыс істейді. Түрме жүйесі бұқаралық ақпарат құралдары үшін барынша ашық бола түсті.

Ұлттық заңнаманы жетілдіру мәселелерінде дәйектілік көрсете отырып, 2001 мен 2005 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасы қабылдаған және

Конвенцияның нормаларын одан әрі орындауға бағытталған бірқатар маңызды ережелерді бекіткен нормативтік құқықтық актілердің қатарына мыналарды жатқызған жөн:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмыстық-атқару жүйесін реформалау және осы жүйе қызметкерлерінің мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы, оған сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі полицейлік ведомстводан азаматтық министрлік қарауына берілді.

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 244 Заңы;

"Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 19 ақпандағы N 294 Заңы;

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы N 304 Заңы;

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 338 Заңы;

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 желтоқсандағы N 363 Заңы;

"Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы N 425 Заңы;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 25 Заңы;

"Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы;

"Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы;

"Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 113 Заңы;

"Алқабилер туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 121 Заңы (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 122 Заңы (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);

Қазақстан Республикасы Президентінің "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің лауазымын бекіту туралы" 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы" 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 1255 Жарлығы , оған сәйкес тергеу изоляторлары Ішкі істер министрлігінің қарауынан Әділет министрлігінің қарауына берілді;

"Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 қаулысы ;

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысы ;

"Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоғамдық байқау комиссияларын құру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі N 924 қаулысы ;

"Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтаруы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы н о р м а т и в т і к қ а у л ы с ы ;

"Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы н о р м а т и в т і к қ а у л ы с ы ;

"Соттардың қылмыстық істер бойынша жеке қаулылар шығару тәжірибесі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы н о р м а т и в т і к қ а у л ы с ы ;

"Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 бұйрығы ;

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының ішкі тәртіп ережесін (бұдан әрі - ТИ ішкі тәртіп ережесі) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 27 тамыздағы N 245 бұйрығы ;

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды күзету мен қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 1 5 4 б ұ й р ы ғ ы ;

"N 1723 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру жөніндегі

нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 154 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155 бұйрығы .

Ш. 2 Бөлім:

Конвенцияның I бөлімінің баптары бойынша ақпарат

1, 4, 5-баптар бойынша

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 желтоқсандағы Заңымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі азаптағаны үшін қолданылатын қылмыстық жауаптылықты көздейтін 347-1-баппен толықтырылды, оның анықтамасы Конвенцияның редакциясына (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 8-тармағы а) тармақшасы) толық сәйкес келеді.

Жаңа 347-1-бапқа Қинау сәйкес:

1. Тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның немесе өзге лауазымды адамның қиналушыдан немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойындату, не оны ол жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен әдейі тән зардабын және психикалық з а р д а п ш е к т і р у і , -

екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2 . Д ә л с о л ә р е к е т :

а) адамдар тобымен немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен;

б) б і р н е ш е р е т ;

в) денсаулыққа орташа ауыр зиян келтірумен;

г) кінәлі адам жүкті әйелге қатысты көрінеу жасаса немесе кәмелетке толмаған адамға (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 8-тармағы j

) тармақшасы) қатысты жасалса, -

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас

бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол әрекет жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соқса, - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Е с к е р т у .

Лауазымды адамдардың заңды іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген тән зардабы және психикалық зардап қинау (азаптау) деп танылмайды. Мәселен, қылмыс жасаған адам ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсініктемелерде қинаған кезде жәбірленуші ұрып-соғуға, азаптауға немесе психикалық әсерге ұшырайтындықтан жеке адамның басына қол сұғушылық жасалады деп түсінік беріледі.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1975 жылғы 9 желтоқсандағы Барлық адамды азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау туралы декларациясында қинау (азаптау) - адамға қасақана қатты ауру немесе тән немесе психикалық азаптайтын кез келген іс-әрекетті білдіреді деп айтылған. Елде орын алуы мүмкін соғыс жағдайы немесе оның қаупі, ішкі саяси тұрақсыздық немесе басқа да төтенше жағдай сияқты қандай да ерекше мән-жайлар азаптауды ақтау үшін негіз бола алмайды.

Азаптаудың объективтік жағы адамға дене немесе психикалық азап тарттырудан көрінеді. Азаптау деп әртүрлі жат мінезді түсінген жөн: адамның ұзақ уақыт бойы тән азабын тарттыру (мәселен, инемен сұққылау, бүйрек, желке, аяқтарының ортасы тұсынан соққылау арқылы ұрып-соғу, қолын қайыру, қинайтын тәсілдер қолдану, денесіне ыстық өтек басу, еркін тыныс алу мүмкіндігінен айыру (целлофан қалта, противогаз қолдану арқылы) судан, тамақтан тыю және т.б.).

Азаптаудың субъективтік жағы ниетпен сипатталады. Кінәлі өз әрекетінің қоғамдық қауіпті сипатын сезінеді және оны жасауға ниеттенеді. Өз әрекетінің салдарларына қатысы бойынша (олар болған жағдайда) кінә ниет түрінде (тікелей немесе жанама) белгіленуі мүмкін, жәбірленуші қайтыс болған жағдайда кінә абайсыздық нысанында белгіленуге тиіс.

Қылмыстық кодекстің қаралып отырған 347-1-бабының диспозициясында осы қылмысты жасаудың барынша таралған мақсаттары көрсетілген.

Осылайша, Қазақстанның қылмыстық заңнамасында Конвенцияда тиісті қатаң жазамен айқындалған қинау (азаптау) құрамы енгізілген және қинауды (азаптауды) қолданудағы қылмыстың ұғымы мен белгілері (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 9-тармағы а) тармақшасы) едәуір толық көлемде қамтылады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20

қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Құқықтық саясат тұжырымдамасының 2-тарауының ережелеріне сәйкес қылмыстық заңдарда заңмен қорғалатын әлеуметтік жоғары құндылықтар ретінде адам құқықтары мен бостандығының бастапқылығы мен ажырамастығын танудан туындайтынын назарға алу қажет.

Қылмыстық зобалаңды (қуғын-сүргінді) ізгілендіру мен азайту заңды қолдану кезінде қылмыс жасаған адамдарға азаптауды, қорлауды болдырмайтын ізгілікті қарауды және оларға қатысты қылмыстық жауаптылық пен жаза оларды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату үшін заңды негіз болмаған жағдайда ғана қолданылатынын, ал қарастырылғандар арасынан жасаған қылмысы үшін жазаның барынша қатаң түрі, егер қатаңдығы біршама төмен түрі жаза мақсатына қол жеткізе алмаған жағдайда ғана тағайындалатынын білдіреді.

2-бап бойынша

Конвенция ережелерінің орындалуын қамтамасыз етудің аса маңызды мемлекеттік-құқықтық тетіктерінің бірі ретінде қылмыстық-атқару жүйесін, ең алдымен Әділет министрлігі құрылымындағы қылмыстық қудалау процесіндегі заңдылықты сақтау кепілі едәуір күшейтілетін және қылмысты тергеу мүдделері арасында оңтайлы теңгерімге қол жеткізілетін тергеу изоляторларын қалыптастыруды қарауға болады.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмыстық-атқару жүйесін реформалау және осы жүйе қызметкерлерінің мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңымен қылмыстық атқару жүйесі Ішкі істер министрлігінің қарауынан Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауына берілді (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 9-тармағы h) тармақшасы).

Қылмыстық саясатты ізгілендіру шеңберінде хат алмасуға, сағат тағуға, бос уақытында спорт киімін киюге қойылған негізсіз шектеулер мен тыйым салулар алып тасталды. Камералардағы терезелер кеңейтілді, күндізгі жарық пен таза ауаны молықтыру үшін олардан металл жалюздер алынып тасталды, ағаш едендер төселді. Сотталған адамдарды, соның ішінде туберкулезбен ауыратындарды, жүкті әйелдерді, сондай-ақ стационарлық және амбулаториялық емдеудегі сырқат сотталғандарды тамақтандыру жақсартылды. Сырқаттарға арналған азық-түлік 22-ден 29 түрге дейін көбейтілді (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 9-тармағы h) тармақшасы).

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 желтоқсандағы Заңын қабылдау

жазаларды орындауды ізгілендірудегі маңызды қадам болды. Осы Заңмен санкцияларға жазаны жеңілдетуге бағытталған қылмыстың 40-тан астам құрамы енгізілді. Соның ішінде, санкциялардан бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыс құрамы алып тасталды, бас бостандығынан айыру түріндегі санкциялардың жоғарғы шегі 12 қылмыс құрамды санкцияларға азайтылды, 13 қылмыс құрамы бар санкциялар жазаның балама түрлерімен толықтырылды.

Қылмыстық атқару кодексіне енгізілген өзгерістер жазаны өтеу жағдайын жақсартуға және шартты-мерзімінен бұрын босатуды қолдану мерзімін қысқартуға, бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруға, қоныс-колонияларға көшіруге мүмкіндік берді. 87-бапқа енгізілген өзгерістер сотталған адамдарға телефон арқылы әр сөйлескенде ұзақтығы он бес минутқа дейін сөйлесудің шектеусіз санына құқық берді.

Осы Заңды қабылдау түрмедегілердің санын елеулі дәрежеде төмендетуге ықпал етті. Бұдан бұрын түзеу колонияларындағы сотталғандардың санын төмендету рақымшылық жасау есебінен ғана жүргізілген болатын (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 8-тармағы h) тармақшасы).

Түрмені зерттеудің халықаралық орталығының (Лондон қаласы) ресми ақпаратына сәйкес, соңғы бес жыл ішінде Қазақстанда түрмедегілерді азайту бойынша тұрақты үрдіс байқалауда.

2002 жылы Қазақстан бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі адамның саны бойынша әлемде үшінші орында (түрме индексі - 540 адам) болды, ал 2004 жылы әлемде түрмедегі халықты азайту бойынша көптеген елдерді басып озып 19 орынға ауысты (түрме индексі - 386).

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 100000 адамға шаққанда 342 түрме индексі болған, әлемде 25-ші орын алады. Осы ақпаратқа Интернеттің www.prisonstudies.org web-сайтында қол жеткізуге болады.

2005 жылғы 1 наурыздан бастап түрмедегілерді азайту үрдісі төмендемеді, бұл тиісінше Қазақстанды әлемдегі 25-ші орыннан шамамен 35-ші орынға сырғуына ықпал етті (2006 жылғы 12 қаңтардағы деректер бойынша).

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесінде барлығы 77 түзеу мекемесі мен 20 тергеу изоляторы (ТИЗО) бар. Олардың ішінде:

жалпы режимдегі колониялар	-	19;
әйелдер колониясын қоса алғанда	-	3;
қатаң режимдегі колониялар	-	20;
ерекше режимдегі колониялар	-	4;
қоныс колониялары	-	21;
туберкулезге қарсы ауруханалар	-	8;
тәрбиелеу колониялары	-	4;
түрме	-	1.

Қылмыстық-атқару жүйесінде сотталған адамдарға медициналық қызмет көрсету

үшін емдеу-алдын алу мекемелері (ауруханалар, арнайы психиатриялық және туберкулез ауруханалары; медициналық бөлімшелер), ал туберкулездің ашық түрімен ауыратын сотталғандарды ұстау және амбулаторлы емдеу үшін мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын емдеу құқығы бар түзеу мекемелері құрылады.

Бұл ретте түзеу мекемесінің әкімшілігі сотталғандардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін, белгіленген санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптардың орындалуы үшін жауап береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы әділет органдарының түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторында ұсталатын адамдарды емдеу-алдын-алу және санитариялық-эпидемиялогиялық саулығын қамтамасыз ету мәселелерін реттеу мақсатында "Қазақстан Республикасы әділет органдарының түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторында ұсталатын адамдарды емдеу-алдын-алу және санитарлық-эпидемиялогиялық саулығын қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы N 145 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 405 бірлескен бұйрығы қабылданды.

Қазіргі кезде республиканың қылмыстық-атқару жүйесінің сотталған адамдардың денсаулығын сақтау саласындағы басым міндеттері нашақорлыққа, туберкулез бен ЖҚТБ-инфекциясына қарсы күрес болып табылады.

Жалпы өлім-жітім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда азайды және 2001 жылы - 589,2, 2002 жылы - 492,0, 2003 жылы - 590,0, 2004 жылы - 501, 2005 жылы - 417,2 (абсолюттік саны 2001 жылы - 422 жағдай, 2002 жылы - 324, 2003 жылы - 298, 2004 жылы - 267, 2005 жылы - 218 жағдайды) құрады.

Туберкулезден қайтыс болу көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда төмендеді және 2001 жылы - 130,0, 2002 жылы - 100,0, 2003 жылы - 90, 2004 жылы - 80, 2005 жылы - 55 (абсолюттік саны 2001 жылы - 174, 2002 жылы - 134, 2003 жылы - 103, 2004 жылы - 74, 2005 жылы - 41 жағдайды) құрады.

Диспансерлік есепте тұрған барлық сотталған адамдар дәрі-дәрмекті тегін алады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің медициналық қызметтерін жабдықтауды жақсарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізілуде.

2002 жылдан бастап сотталғандарды АҚТҚ-ға мәжбүрлеп тестілеу, сондай-ақ жазаны өтеу орындарында АҚТҚ тарататындарды оқшаулап ұстау тоқтатылды, сонымен бірге аумақтық ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес органдарымен және халықаралық ұйымдармен бірлесіп өткізілетін осы індеттің таралуының алдын алу жөнінде жұмысы күшейтілді (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 9-тармағының f) тармақшасы).

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беріледі. Бұл ретте құқықтар мен міндеттер

туралы ақпарат берудің нысаны - сотталғандарға жаднамалар беру, сондай-ақ заңнама талаптары мен жалпы адамзатқа тән құндылықтарды түсіндіретін көрнекі ақпарат
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Сезіктілерге, айыпталушылар мен сотталғандарға діни дәстүрге сәйкес мүмкіндігіне қарай осы мақсатта арнайы жабдықталған үй-жайларда діни салттар атқаруға мүмкіндік беріледі. Оларға діни кітаптарды, жеке пайдаланылатын діни мінәжат заттарын өзінде ұстауға және пайдалануға рұқсат етіледі. Рухани көмек көрсету үшін дін қызметшілерін
ш а қ ы р у ғ а р ұ қ с а т е т і л е д і .

Қазіргі кезде қылмыстық-атқару жүйесінің барлық түзеу мекемелерінде 29 мешіт пен шіркеу ғимараты, түрлі конфессиялардың 137 сыйыну бөлмелері жұмыс істейді.

Әділет министрлігі сотталғандарды және тергеуге тұтқындалған адамдарды, соның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде әйелдерді ұстау жағдайларын халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкес келтіру жөнінде мақсатқа сай жұмыстар жүргізуде (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 8-тармағының j) тармақшасы).

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Заңның 29-бабы әйелдерді күзетте ұстаудың ерекшеліктерін
р е г л а м е н т т е й д і .

Осы баптың ережелеріне сәйкес сезікті және айыпталушы әйелдер үш жасқа дейінгі балаларын өздерімен бірге ұстай алады.

Күзетте ұстау орындарында жүкті әйелдер және өзімен бірге балалары бар әйелдер үшін жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады, мамандандырылған медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тамақтандырудың және затпен қамтамасыз етудің көтеріңкі
н о р м а л а р ы б е л г і л е н е д і .

Күдіктілерді, айыпталушыларды тегін тамақтандыру, оның ішінде жүкті әйелдерді және балалы әйелдерді, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, кәмелетке толмағандарды қамтамасыз ету нормалары, сотталғандарды тамақтандыру мен материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларын, сондай-ақ жазасын өтеуден босатылатын сотталғандарға көмек көрсету ережесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 889 қаулысымен бекітілген.

Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге күн сайын ұзақтығы үш сағатқа дейінгі серуен беріледі.

Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге жазалау шарасы ретінде карцерге отырғызуды қолдануға болмайды.

Қажет болған жағдайда күзетте ұстау орнының әкімшілігі заңда белгіленген тәртіппен баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға не балалар мекемесіне уақытша беру туралы өтініш жасауы мүмкін.

Қылмыстық атқару кодексінің (бұдан әрі - ҚАК) 75-бабының 1-тармағына сәйкес

түзеу мекемелерінде бас бостандығынан айыруға сотталған еркектер мен әйелдерді, кәмелетке толмағандар мен ересектерді бөлек ұстау белгіленеді.

Бір сотталушыға шаққандағы тұрғын алаңның нормасы түзеу колонияларында - екі шаршы метрден, түрмелерде - екі жарым шаршы метрден, тәрбиелеу колонияларында - үш жарым шаршы метрден, мәжбүрлеп түзеуді жүзеге асыратын түзеу мекемелерінде үш шаршы метрден кем болмауы керек.

Бұл ретте бір сотталушыға шаққандағы тұрғын алаңның нормасы әйелдерді ұстауға арналған колонияларда үш шаршы метрден кем болмауы керек (ҚІЖК-нің 95-бабы).

Сотталғандарға жеке жатын орындары мен төсектік керек-жарақтар беріледі. Олар жынысы және климат жағдайлары ескеріліп, маусымдық киіммен, іш киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етіледі.

Балалары бар сотталған әйелдер жазасын өтеп жатқан түзеу мекемелерінде балалар үйлері ұйымдастырылуы мүмкін. Түзеу мекемелерінің балалар үйлерінде балалардың қалыпты тұруы мен дамуы үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі. Сотталған әйелдер түзеу мекемелеріндегі балалар үйлеріне өздерінің үш жасқа дейінгі балаларын орналастырып, олармен жұмыстан бос уақытында шек қоюсыз бірге бола алады. Оларға балаларымен бірге тұруға рұқсат берілуі мүмкін.

Сотталған жүкті әйелдер мен бала емізуші сотталған аналардың саны мен түр-түрі медициналық қорытындыда айқындалған қосымша азық-түлік сауқаттары мен сәлемдемелерін алуына болады. Сотталған жүкті әйелдер, сотталған әйелдер тууы уақытында және туғаннан кейінгі кезеңде мамандандырылған көмек алуға құқылы.

Түзеу колонияларының балалар үйлерінде баласы бар сотталған әйелдерге балаларын туған-туыстарына не балалар үйіне орналастыру үшін бару-қайту жолына қажет уақытты есептемегенде, түзеу мекемелерінің шегінен тысқары жеті тәулікке дейінгі мерзімге қысқа мерзімді жол жүруге, түзеу колониясынан тыс жерде кәмелетке толмаған мүгедек баласы бар сотталған әйелдерге олармен кездесуі үшін жылына дәл сондай мерзімге бір рет қысқа мерзімді жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

Жұмыспен қамтылған бас бостандығынан айыруға сотталғандар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады, ал әйелдер жүктілігі мен тууы бойынша жалпы негіздерде жәрдемақылармен қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған әйелдердің жүктілігі анықталған жағдайда жазаны атқарушы мекеменің немесе органның бастығы сотқа жүктілігі мен тууы бойынша демалыс берген күннен бастап оның жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыныс енгізеді.

Түзеу колониясында жазасын өтеуші жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге сот тиісінше бір жылға дейінгі мерзімге немесе бала он төрт жасқа толғанға дейін жазаның атқарылуын кейінге қалдыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2003 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға

арналған бағдарламасын (бұдан әрі - ҚАЖ-ды дамыту бағдарламасы) қабылдады, онда қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің басым бағыттары (жазаларды орындау кезінде сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, соның ішінде жазаны өтеу жағдайларын, медициналық қамтамасыз етуді жақсарту, түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстау тығыздығын азайту, сотталғандарды босаған соң әлеуметтік оңалту мен бейімдеу орталықтарын құру, қоғамнан оқшаулаудан тыс жазаларды орындайтын қылмыстық-атқару инспекцияларының функцияларын кеңейту, олардың құқықтық мәртебесін көтеру және әр ауданда осы қызметті құрумен қызметкерлердің штат санын ұлғайту) көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған ҚАЖ-ды дамыту бағдарламасының шеңберінде түзеу мекемелерінен біртіндеп камералық және жасақтық ұстаудың аралас үлгісіне көшіру басталды (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 8-тармағының h) тармақшасы).

Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметінде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларындағы адамдардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етудің құқықтық қырларын реттеу мақсатында Әділет министрлігі пенитенциарлық жүйе қызметінде азаматтық қоғамның қатысуын кеңейту жұмыстарын жүргізуде.

Атап айтқанда, 2004 жылы 29 желтоқсанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) қол қойылды, онда қылмыстық жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын адамдардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қоғамдық бақылауды ұйымдастыру көзделеді.

Қоғамдық бақылауды түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұстау жағдайлары, медициналық-санитарлық қамтамасыз ету, еңбегін, бос уақытын және оларды оқытуды ұйымдастыру бөлігінде құқықтары мен заңды мүдделерінің жүзеге асырылуына жәрдемдесу мақсатында қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады.

Үкіметтің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі N 924 қаулысымен қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) қоғамдық байқау комиссияларын құру тәртібі бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАЖ-ды дамыту бағдарламасының 11-тармағын орындау барысында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру жөнінде ұсыным әзірлеп, барлық қоғамдық байқау комиссияларына жіберді.

Осылайша, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметіне заңды тұрғыдан белгіленген жергілікті атқарушы органдардың бақылауынан, сот бақылауынан, прокурорлық қадағалаудан, ведомстволық бақылаудан басқа Заңмен қоғамдық бақылау

бекітілген (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 8-тармағының g) тармақшасы).

Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін республиканың 14 облысында қоғамдық байқау комиссиялары құрылды.

Бұл шара, қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық сатыларында оқшауландырылған адамдардың құқықтарының сақталуын сөзсіз күшейтеді, қылмыстық-атқару жүйесінің ғана емес, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдары қызметінің айқындылығын да қамтамасыз етеді, бұл сөз жоқ, мемлекеттің қылмыстық саясатын бұдан әрі ізгілендіруге оң ықпал етеді.

6-бап бойынша

Қылмыстық-атқару қызметі шеңберінде қылмыстың жасалуына сезікті және айыпталушы адамдарды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері, сондай-ақ күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен, "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңмен, Әділет министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 27 тамыздағы N 245 бұйрығымен бекітілген ТИ ішкі тәртіп ережесімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Бұл ретте "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңның 4, 5-баптарына сәйкес күзетте ұстау заңдылық, кінәсіздік презумпциясы, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, ізгілік, жеке бастың ар-намысы мен абыройын құрметтеу қағидаттарына, халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және қылмыс жасаған деп күзетте ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларды тән немесе рухани азапқа тарту мақсатындағы іс-әрекеттермен ұштаспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес шығарылған қамауға алу түрінде бұлтартпау шарасын таңдау туралы тергеушінің, анықтаушының прокурор санкция берген қаулысы, прокурордың немесе судьяның қаулысы не соттың қаулысы өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстауға негіздеме болып табылады.

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Заңның 6-бабына сәйкес республиканың аумағында күзетте ұсталушы сезікті және айыпталушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан

Республикасының азаматтары үшін белгіленген міндеттерді атқарады және сондай құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады.

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Заңның 7-бабының 4-тармағына сәйкес қылмыстық істі жүргізіп жатқан адам немесе орган Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес он екі сағат ішінде сезіктінің немесе айыпталушының туыстарының біріне оның күзетте ұсталу орны туралы немесе ол орнының өзгергені туралы х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

Сезікті немесе айыпталушы шетелдікті күзетте ұстау орны туралы немесе ол орнының өзгергені туралы хабарлама аталған мерзімде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, сондай-ақ ол азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне, консулдығына немесе өзге де өкілдігіне жолданады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы қаулысына сәйкес қосылған 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 36-бабы 1-тармағының с) тармақшасына сәйкес консулдық лауазымды тұлғаның өзі танытатын мемлекеттің түрмеде күзеттегі немесе ұсталған азаматына онымен әңгімелесу үшін баруға құқығы бар, сондай-ақ онымен хат алмасуға және оған заңдық өкілдік етуді қамтамасыз етуге шара қабылдауына құқығы бар.

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Заңның 17-бабына сәйкес сезіктілер мен айыпталушыларға қамауға алынған кезден бастап қорғаушымен онаша және құпия жолығысуға мүмкіндік беріледі. Жолығысулардың саны мен ұзақтығына шек қойылмайды.

Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің ресми өкілдері өзі өкілі болып табылатын мемлекеттің сезікті немесе айыпталушы шетелдік адамымен жолығысуына қ ұ қ ы л ы .

Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабы 10-тармағына сәйкес қамауға, бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарының - олардың мүдделерін қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға құқығы бар.

7-бап бойынша

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқығы "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы"

Заңның 2-тарауымен, сондай-ақ ТИ ішкі тәртіп ережесімен реттелген.

Бұл ретте ТИ ішкі тәртіп ережесімен сезіктілер мен айыпталушыларды ұстау тәртібі, соның ішінде оларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, сәлемдемелерді, сәлем-саухаттарды қабылдау және беру, жеделхаттарды, хаттарды, ақша аударымдарын алу мен жөнелту, ұсыныс, өтініш және шағым жолдау, діни салттарды атқару, медициналық-санитарлық қамтамасыз ету, күнделікті серуендеуді, кездесуді өткізу, сезіктілердің, айыпталушылар мен сотталғандардың тергеу әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуларын қамтамасыз ету, сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындары әкімшілігі басшыларының немесе оған уәкілетті адамның жеке қабылдауының тәртібі белгіленеді.

8, 9-баптар бойынша

Конвенцияның 8-бабы бойынша бастапқы баяндамаға қосымша ақпарат ретінде Қазақстанда 200 және 2005 жылдар аралығында мыналардың жасалғанын атап өту мақсатқа сай деп есептейміз:

Қазақстан Республикасы мен Канада арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт (Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 23 маусымдағы Жарлығына сәйкес);

Азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шартты және осы Шартқа Хаттаманы ратификациялау туралы шарт (Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 14 қаңтардағы Заңына сәйкес).

Қазақстан Республикасы мен Корея арасындағы Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт.

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция ратификацияланды (Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңы). Оның қатысушылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісім (Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 4 қазандағы Заңы) ратификацияланды.

10-бап бойынша

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстерімен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жасау тәртібі реттелген.

"Әділет органдары туралы" Заңның 20-бабы әділет органдарының

қылмыстық-атқару қызметі саласындағы функцияларын, соның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін күзету, олардағы жедел жағдайды бақылау, қызметшілердің, сезіктілердің, айыпталушылар мен сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айдауылдау, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, қылмыстық-атқару жүйесін дамыту, нығайту және жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, қызметшілердің кәсіби дайындығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық-атқару жүйесі қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіруді көздейді.

Бұдан басқа, ТИ тәртіп ережесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 бұйрығымен бекітілген Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережесі сотталғандар мен тергеу изоляторында ұсталатын адамдардың осы мекеме қызметшілері тарапынан сыпайы, адамның қадір-қасиетін түсірмейтін қарым-қатынасқа құқығын реттейді.

Қазіргі кезде қылмыстық-атқару жүйесі құрылымына пенитенциарлық жүйе саласындағы мамандарды дайындауға мүмкіндік беретін, адам құқықтарын қорғау және сотталғандармен қарым-қатынас саласындағы халықаралық стандарттағы білімге ие Қостанай заң институты, Павлодар заң колледжі, Оқу орталығы (Тараз қ.) кіреді. (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 9 тармағының 1) тармақшасы).

11-бап бойынша

Конвенцияның күзетте ұстау шарттарына және қамауға алудың, ұстаудың немесе түрмеде қамаудың кез-келген түріне тартылған адамдармен қарым-қатынасқа қатысты ережелерді, нұсқаулықтарды, әдістер мен практикаларды жүйелі қарауды көздейтін 11-бабын іске асыру мақсатында нормативтік құқықтық актілер қабылданды, соның і ш і н д е :

"Күдіктілерді, айыпталушыларды тегін тамақтандыру, оның ішінде жүкті әйелдер мен балалы әйелдерді, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, кәмелетке толмағандарды қамтамасыз ету нормаларын, сотталғандарды тамақтандыру мен материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларын, сондай-ақ Жазасын өтеуден босатылатын сотталғандарға көмек көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 889 қаулысы ;

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық жәрдемді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 109 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 13

сәуірдегі N 176 бірлескен бұйрығы ;

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі ҚАЖ Комитетінің түзеу мекемелері қызметкерлерінің арнайы құралдарды қолдану тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 146 бұйрығы ;

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріне ұсталатын адамдарды қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулығы бекітілуі туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 154 бұйрығы .

2005 жылы 29 желтоқсанда қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды ұстау жағдайларын өзгертуді көздейтін "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің N 345 бұйрығы қабылданды, онда жазаларды орындау кезінде заңдылықты сақтау кепілдіктерін және ізгілендіруді күшейту, сотталғандардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын арттыру, шектеулер мен тыйым салулар санын азайту күтіледі.

12-бап бойынша

Конвенцияның 12-бабының мәселелерін прокуратура органдары, қадағалау қызметі шеңберінде, әсіресе қылмыстық процесте адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалау саласында қарайды.

Қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалау практикасы үнемі қорытындыланады, 2005 жылдың қорытындысы бойынша да солай істелді.

2005 жылғы статистикалық деректерге сәйкес қылмыстық қудалау органдары ҚР ҚІЖК-нің 132-бабындағы тәртіппен 22481 адамды ұстап уақытша ұстау изоляторына (УҰИ) шығарған, бұл 2004 жылға қарағанда (24273) 7,3%-ға аз. 2003 жылы ҚІЖК-нің 132-бабындағы тәртіппен қылмыстық қудалау органдары 26389 адам ұстаған, 2002 жылы - 34963, 2001 жылы - 41571 болды.

Көрсетілген статистикалық мәліметтер қудалау органдарының процессуалдық мәжбүрлеудің осы шарасын қолданудағы тәсілі неғұрлым саралана бастағанын куәландырады .

Алайда көптеген өңірлерде ҚР ҚІЖК-нің 132-бабын негізсіз қолдану фактілері таралған күйінде қалуда .

Мәселен, ұсталған адамдардың жалпы санының төмендеуімен қатар, былтырғы жылы босатылғандардың саны артты, соның ішінде прокурорлармен қамауға негіздің жоқтығынан - 2214 адам босатылды, бұл ұсталғандардың жалпы санының 9,8%-н құрайды .

Солардың ішінде басым көпшілігі мыналарға тиесілі: Алматы қаласына - 370, сондай-ақ: Қарағанды облысына - 362, Алматы облысына - 160, Жамбыл облысына - 143, Оңтүстік Қазақстан облысына - 133 және Батыс Қазақстан облысына - 92.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің камераларда және уақытша ұстау изоляторларында және қылмыстық қудалау органдарының өзге де үй-жайларында ҚР ҚІЖК-нің 17-тарауы талаптарының сақталуын тексеруді прокурорлар ұдайы жүргізеді. Бұдан басқа, түнгі уақытта, мереке және демалыс күндері, соның ішінде бейне түсірілімдерді пайдаланып, тексеру жүргізу тәжірибеге енгізілуде.

Тексеру барысында әр сезіктінің ұстау негізі анықталады. Кері жағдайда сезікті адам тексеруді тікелей жүзеге асыратын прокурордың қаулысы бойынша тез арада б о с а т ы л а д ы .

Негізінен ҚР ҚІЖК-нің тәулік ішінде жауап алуды жүргізу, қылмыстық іс қозғалғанға дейін ұстау, жиырма төрт сағат ішінде туыстары мен прокурорға ұсталғаны туралы хабарлау, қорғану құқығы тәрізді талаптары бұзылады.

Көрсетілген негіздер бойынша прокурорлармен 2005 жылғы 12 айда УҰИ-нан 15 а д а м б о с а т ы л д ы .

Азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің маңызды міндеті болып табылады.

Республикада адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау саласындағы ішкі істер органдарының қызметін талдау, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиямен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 28 желтоқсандағы бұйрығымен Адам құқықтарын қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінің мониторингі жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін Ж ұ м ы с т о б ы қ ұ р ы л д ы .

Ішкі істер органдарының қызметін бағалау өлшемдері, Ішкі істер органдары қызметкерлерінің Ар-ождан кодексі (Полиция қызметкерлерінің қызметтік этика ережесі) пысықталып бекітілді. Осы құжаттарда басты басымдықтар ретінде - азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қылмыстар туралы өтініштерді есепке алу мен тіркеудің толықтығы, олар бойынша қабылданған шешімдердің заңдылығы айқындалады.

Қабылданған шаралар нәтижесінде алдын ала тергеу және анықтау жүргізу кезінде конституциялық құқықтарды қорғау мәселелерінде алға ілгерілеушілік байқалады. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау - қылмысты жасауда сезікті адамдарды ұстау және қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдауда да басым б о л а д ы .

Жергілікті жерлерде құрылған ішкі істер органдарындағы құқық бұзушылықтарды және қызметтік этиканың сақталуын қарау жөніндегі тәртіптік комиссияның жұмысы ж а н д а н д ы .

2005 жылы наурызда Ішкі істер министрінің бастамасы бойынша Аумақтық ішкі істер департаменттерінде Қоғамдық комиссиялар құрылды, ол консультативтік-кеңесуші органы бола отырып, ішкі істер органдарын қоғамдық бақылауға, полиция қызметінің айқындылығына, азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылға, сондай-ақ қоғамдық пікірді зерделеуге ықпал етеді.

13-бап бойынша

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар екендігі Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында реттелген.

"Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Заңның 16, 20-баптарына сәйкес сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарында болған кезеңде өздерінің күзетте ұсталуының заңдылығы мен негізділігі және өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы туралы мәселелер бойынша ұсыныстармен, арыздармен, соның ішінде сотқа жүгінуге құқығы бар.

Сезіктілер мен айыпталушылардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары күзетте ұстау орнының әкімшілігі арқылы жіберіледі.

Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды күзетте ұстау орындарының әкімшілігі олар берілген кезден бастап бір тәуліктен кешіктірмей қарап, жөнелтуге тиіс.

Соттың, анықтаушының, анықтау органы бастығының, тергеушінің немесе прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен дереу жіберіледі.

Өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты ұсыныстар, арыздар мен шағымдар жасағаны үшін сезіктілер мен айыпталушыларды кез келген нысанда қудалауға жол берілмейді. Күзетте ұстау орындарының мұндай қудалауға кінәлі лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабы 2-тармағы сотталғандардың жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдану құқығын регламенттейді (Азаптауға қарсы комитеттің қорытындылары мен ұсынымдарының 9-

тармағы

б)

тармақшасы).

Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті азаматтардың өтініштерін қарау мен талдауды жүзеге асырады. Мәселен, 2005 жылы азаматтардан 1774 өтініш келіп түскен, бұл 2004 жылы түскен өтініштердің санынан 21,9%-ға аз (2163 өтініш), 2003 жылы азаматтардан 1822 өтініш келіп түскен, 2002 жылы азаматтардан 3177 өтініш келіп түскен және 2001 жылы азаматтардан 2044 өтініш келіп түскен, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін реформалау төңірегінде пенитенциарлық жүйені халықаралық нормалар мен стандарттарға жақындату жөнінде шаралар қабылдануда.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдары "Penal Reform International" (Халықаралық түрме реформасы) халықаралық қоғамдық бірлестігі, "Адамдар - адамдарға, Инк" денсаулық сақтау қоры, "Сорос-Қазақстан" халықаралық қоғамдық қоры тәрізді халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен және басқалармен ынтымақтастық жасайды.

Осы ұйымдармен өзара іс-қимыл пенитенциарлық мекемелерде адам құқықтарын сақтау түрмеге қамаудың баламалы түрі, түрмелерде туберкулезге қарсы күрес және т.б. бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамдық ұйымдар тарапынан адам құқығын сақтау саласында кешенді білім беру, ақпараттық, консультативтік бағдарламаларды іске асыру нысанында көмек көрсетіледі.

Мәселен, сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсартуға бағытталған: "Пенитенциарлық мекемелердегі адам құқығы. Түрмеге қамаудың баламалары. Түрмелерде туберкулезге қарсы күрес" жобасын іске асыру шеңберінде Халықаралық түрме реформалары тарапынан туберкулезбен ауыратындарды емдеу үшін дәрі-дәрмектер мен жабдықтар келіп түсті.

"Милосердие" Халықаралық гуманитарлық қорының жәрдемімен ЛА-155/14 түзеу мекемесінде босаңсу (релаксация) бөлмесі салынды, жаздық спорт алаңқайы құрылысы бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұдан басқа осы қордың өкілдері сотталғандарға ағылшын тілін үйрету бойынша сабақтар өткізеді.

Павлодар қаласында "МО-НИКА" қоғамдық қоры сотталғандарға құқықтық оқытуды үйрететін "Street Law" (құқықтық білім баршаға) жобасын іске асырып отыр.

"Қазақстан мен Орта Азияның әйелдері үшін "Аглоу" Қоғамдық қоры қызметінің мақсаты бас бостандығынан айыру орындарындағы әйелдерге психологиялық көмек көрсету болып табылады.

"Теріс" Қоғамдық қорының өкілдері психологтың және тәрбиелеу бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен сотталғандармен төрт бағыт, яғни: драматерапия, билеу-қозғалу терапиясы, музыка терапиясы, изотерапия бойынша арттерапия жүргізеді.

Бұдан басқа, қоғамдық ұйымдар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі кітапхана қорын толықтыру, спорттық мүкәмалдар түрінде қайырымдылық көмегін көрсетеді.

Аталған шара ҚАЖ мекемелеріндегі адамдардың мүдделерін іске асыруға белсене және жүйелі қатысқан үкіметтік емес ұйымдардың рөлін күшейту шеңберінде жүргізіліп отыр.

Бұған қоса, ҚАЖ Комитеті БАҚ-пен сындарлы ынтымақтастық орнатты, нәтижесінде 2005 жылы пенитенциарлық жүйе тақырыбына қатысты 4941 материал (2004 ж. - 3117, 2003 ж. - 1998, 2002 ж. - 1438) жариялады. БАҚ-та сөз сөйлеудің тақырыптық үлгісі түзеу мекемелерінде мемлекеттің қылмыстық саясатын ізгілендіруге және сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға байланысты түзеу мекемелерінде жүргізілген өзгерістер туралы ақпарат болып табылады.

Кез келген адамның құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін құзырлы билікке шағымдарын ұсынуға, сондай-ақ олардың шағымдарының шапшаң әрі мүлтіксіз қаралуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі Жарлығымен республикада Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсмен) қызметі құрылды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі - Уәкіл) өз құзыреті шегінде адамдардың және азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шараларды қабылдау өкілеттіктері берілген, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғала.

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Уәкіл Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, олардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заң актілерімен және халықаралық шарттармен кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын бұзатын лауазымды тұлғалардың және ұйымдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасаған арыздарын қарайды.

Уәкілдің заңнамада белгіленген тәртіппен: мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болуға;

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта қарауда қатысуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе прокуратураға заңды күшіне енген сот шешімін, үкімін, соттың ұйғарымын немесе қаулысын тексеру туралы қолдаухатпен жүгінуге;

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ өзге жолмен олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы ақпараттар алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізу ұсынысымен Парламент палаталарына жүгінуге;

адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес

құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысуға;

адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша қорытынды дайындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға шарт негізінде ұйымдар мен мамандарды т а р т у ғ а ;

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

қызметтік куәлігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын а д а м д а р м е н ә н г і м е л е с у г е ;

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық іс қозғау туралы , сондай-ақ материалдық немесе моральдық залалды өтеу шараларын қолдану туралы қолдау хатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге;

жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарлама жариялауға құқығы бар.

14-бап бойынша

Прокуратура органдарының статистикалық есебіне сәйкес талдау жасалатын кезеңде ҚР ҚІЖК-нің 132-бабындағы тәртіппен ұсталған 54 адамға қатысты, бұдан әрі ақтау негіздері бойынша қылмыстық қудалау тоқтатылды.

Қылмыстық қудалау органдарының қызметтік үй-жайларынан прокурорлар босатқан адамдардың саны жылдан жылға өсіп келеді. Прокуратура мен ішкі істер органдарының азаматтардың құқығын бұзудың жолын кесу жөніндегі қызметі жандандырылды, нәтижесінде осындай теріс факторларды айқындау мен жолын кесу е д ә у і р а р т т ы .

Мәселен, 2005 жылы қылмыстық қудалау органдарының қызметтік үй-жайларынан прокурорлар заңсыз ұсталған 571 адамды босатқан.

2001 жылы бұл көрсеткіш - 97, 2002 жылы - 274, 2003 жылы - 288, 2004 жылы - 470 адамды құрады.

15-бап бойынша

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің дәлелдемелер беруді реттейтін 16-тарауына толықтырулар енгізілген.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 116-бабына дәлелдеме ретінде жол берілмейтін нақты деректер қатарына қинап (азаптап)

бақылаушылардың әрекетіне басшылық жасай отырып, болып жатқан оқиғаны жасырын бейне таспаға түсірген.

Сотталғандарды ұрып-соғу фактісі бойынша Арқалық қаласының ІІБ тергеу бөлімі бақылаушыларға қатысты 2004 жылғы ақпанда ҚР ҚК-нің 308-бабының 4-бөлігі бойынша (билік және лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалану) қылмыстық іс қозғады.

Арқалық қалалық сотының үкімімен барлық осы адамдар қылмысты жасауда кінәлі деп табылып, қызмет атқару құқығынан айыра отырып және арнайы атағынан айырып жалпы режимдегі түзеу колониясына 6 жылға сотталып бас бостандығынан айырылды.

Бұдан басқа, осы іс бойынша тәртіптік жауапкершілікке Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің бірқатар лауазымды тұлғалары тартылды. Атқарып отырған лауазымынан ҚАЖ Комитетінің төрағасы, Қостанай облысы бойынша ҚАЖ Комитеті басқармасының бастығы, оның орынбасары босатылды. Сондай-ақ аталған түзеу мекемесінің бастығы мен оның орынбасары қылмыстық-атқару жүйесі органдарынан шығарылды.

Бүгінгі күні ҚАЖ Комитеті алда осындай фактілерді болдырмау жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдап отыр. Бағынысты құрылымдардың қызметі бақылауға алынды.

Қылмыстық кодекстің 347-1-бабында тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның немесе өзге лауазымды адамның қиналушыдан (азапталушыдан) немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойындату, не оны ол жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен әдейі тән зардабын және психикалық зардап шектіргені үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген (5 жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде)

ҚР ҚК-нің 347-1-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке:

2003 жылы - 1 полиция қызметкері;

2004 жылы - 3 полиция қызметкері;

2005 жылы - 2 полиция қызметкері тартылған.

Мәселен, 2003 жылғы сәуірде Жосалы қыстағының тұрғыны Қармақшы АІБ бөлімше бастығы полиция капитанының қатыгездікпен ұрып-соғып, өзі жасамаған қылмысты мойына таққандығы туралы өтінішпен облыстық прокуратураға жүгінеді. Облыстық прокуратура ҚР ҚК-нің 308-бабының 3-бөлігі және 347-1-баптары бойынша қылмыстық іс қозғаған. Тергеуді Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті жүргізген. Нәтижесінде полиция капитаны ішкі істер органынан шығарылды. Қылмыстық іс сотқа жіберілген. Сот үкімімен полиция капитаны ҚР ҚК-нің 58-бабына сәйкес 3 жылға сотталып бас бостандығынан айырылды.

Алматы қаласы ІІББ Медеу АІБ КІБ жедел тапсырмалар жөніндегі уәкілетті қызметкерлері есірткі заттарды ұрлағаны мен сақтағанын мойындату мақсатында, ұсталған азаматты азаптаған. Нәтижесінде ұсталған азамат өті жарылып қан кетіп,

қабырғасы сынып, дене жарақатын алған. ҚР ҚК-нің 348-бабының 3-бөлігі, 347-1-бабының 2-бөлігі, 259-бабы және 308-бабының 4-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалып, сотқа жіберілген. Медеу сотының үкімімен жедел тапсырмалар жөніндегі уәкілетті қызметкерлерге 3 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарылды (шартты түрде). ПББ бастығының бұйрығымен Медеу АІБ КПБ бастығына ішінара қызметке сәйкес еместігі туралы ескертілген және Медеу АІБ бастығы лауазымынан б о с а т ы л ғ а н .

Қазіргі кезде Ішкі істер министрлігінде ішкі істер органдарының қызметіндегі заңдылықты нығайту, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөнінде бағдарлама әзірленуде. Бағдарламаның басым бағыттарының бірі - ішкі істер органдарының қызметкерлерін оқытуды көздейтін ақпараттық-насихаттау шараларын айқындау, олардың адам құқықтарына қатысты халықаралық нормаларды зерделеуі, кәсіби шеберліктерін, құқықтық ойлау мен құқықтық мәдениетін арттыру болып табылады.

Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау мәселелері ІІМ басшылары мен аумақтық ішкі істер органдары басшыларының ерекше бақылауында азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол берген қызметкерлерге аса қатаң шара қолданылады.

2005 жылы республиканың қылмыстық-атқару жүйесінде қинауды қолдануға байланысты материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында кездескен жоқ, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің қинағаны (азаптағаны) үшін сотталған ф а к т і л е р і д е а н ы қ т а л ғ а н ж о қ .

Жоғарыда аталғандарға қосымша "Сорос-Қазақстан" Қорының қаржылық қолдауымен 2003 жылғы қарашада Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерінен Азаптауға қарсы БҰҰ Конвенциясын сақтаудың мониторингін дайындау және Азаптауға қарсы БҰҰ Комитетіне баламалы баяндаманы дайындау үшін жұмыс тобы құрылған болатын. Жұмыс тобын "Қылмыстық реформа мониторингі және адам құқықтары комитеті" Қоғамдық бірлестігі басқарады.

"Сорос-Қазақстан" Қорының қаржылық қолдауымен "Қылмыстық реформа мониторингі және адам құқықтары комитеті" Қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жұмыс тобы 2003-2004 жылдардағы кезеңде Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның сақталуына мониторинг жүргізді.

2004 жылғы 4 қазандағы өткізілген мониторингтің есебіне сәйкес Қазақстанда пенитенциарлық жүйе реформасын және түрмедегі халықтың санын азайтуға бағытталған қылмыстық заңнаманы ізгілендіру саясатын жүргізу нәтижесінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдардың құқықтарын сақтау саласында айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізілді.

Атап айтқанда, есепте сотталғандарды ұстау жағдайларының тиісті деңгейі, діни

конфессиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері үшін пенитенциарлық мекемелердің ашықтығы, қылмыстық-атқару жүйесіндегі жеке құрам арасында тәртіп пен заңдылықтың болуы, тергеу изоляторларын Әділет министрлігінің қарауына беру, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің құрылымында сотталғандарды құқықтық қорғау бойынша пенитенциарлық қызметті үйлестіруді қамтамасыз ететін қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарды әлеуметтік-құқықтық қорғау бөлімінің жұмыс істеуі айтылған.

Бұдан басқа, ҚАЖ-ды дамыту бағдарламасын қабылдау аясында ҚАЖ Комитеті сотталғандардың жағдайларын халықаралық стандарттық талаптарға барынша жақындату мақсатында түзеу мекемелерінің нысандарын қайта жөндеу және салу жұмыстарын жүргізуде. Туберкулезбен ауыратын сотталғандар арнайы түзеу мекемелерінде ұсталады. Түзеу мекемелерінің жұмыс практикасына, мекемеге сотталғандардың туысқандары келген кезде мекемеге ашық есік күндерін өткізу кіреді.

Қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі демократияландыру мақсатында 2004 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы құрамына ғалым заңгерлер, халықаралық және отандық үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері енгізілген Қоғамдық-бақылау кеңесі құрылған.

Кеңестің қызметі мемлекеттің қылмыстық-атқару саясатын ізгілендіруге, сотталғандарды ұстау жағдайын халықаралық стандарттарға жақындату, қылмыстық жазалау саласындағы заңдылықтың бұзылуын алдын-алуға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың құқықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамы мен қылмыстық-атқару жүйесінің өзара іс-қимылын үйлестіруге бағытталған және консультативтік-кеңестік сипатқа ие.

Сондай-ақ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару саясатын жетілдірудің 2007-2015 жылдарға арналған Тұжырымдамасының жобасын әзірледі, ол қылмыстық жазалау жүйесі мен оны өтеуді және жазалауды орындау жүйесінің материалдық-техникалық базасын одан әрі дамытуға бағытталған.

Көрсетілген Тұжырымдаманы қабылдау және оны іске асыру пенитенциарлық саладағы мемлекеттік саясатты ұзақ мерзімді перспективамен қалыптастыруға және заңдық тұрғыдан ресімдеуге, қылмыстық жазалаулардың орындалуын және оны өтеу жағдайларының жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға барынша жақындатуға мүмкіндік береді, бұл қинауға және адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті төмендететін қатынастар мен жазалаудың басқа да түрлерін алдын алуға ықпал етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК